ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылы 14 қараша №7119-24-00-2/14288 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Басқармасының Автошаруашылығы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Усембаева» атынан Усембаева Асель Амантаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Басқармасының Автошаруашылығы» ШЖҚ РМК-ның жауапкер Жеке кәсіпкер «Усембаева» атынан Усембаева Асель Амантаевнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Усембаева» атынан Усембаева Асель Амантаевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Усембаева» атынан Усембаева Асель Амантаевнадан «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Басқармасының Автошаруашылығы» ШЖҚ РМК-ның пайдасына 3 748 (үш мың жеті жүз қырық сегіз) теңге тұрақсыздық айыбын және 113 (жүз он үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 14.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.12.2024, судья Абенова А. Ч., 23.12.2024
7119-24-3-1/13666

Жеке кәсіпкер «Усембаева» атынан Усембаева Асель Амантаевнадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 14.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.12.2024, судья Абенова А. Ч., 23.12.2024

7119-24-3-1/13666